

Катонқарағай ауданы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 29 шілдедегі № 23 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 тамызда № 3036 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 25.03.2016 № 112 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-3) тармақшасына және 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5-2), 5-5), 5-6) тармақшаларына, 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес, нысаналы топтарға жататын азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында және оларды жұмыспен қамту үшін, Катонқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.
2. Интернат үйымдарының кәмелетке толмаған тулектері, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Рақышеваға жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Тлеубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК